

25 сәуір 2024

«Эйр Астана» тобы FlyArystan басқаруындағы өзгерістер туралы хабарлайды

Алматы, Қазақстан – «Эйр Астана» тобы («Топ»), кірісі мен әуефлоты көлемі бойынша Орталық Азия мен Кавказ өңіріндегі ең ірі әуекомпаниялар тобы, Топтың еншілес бюджеттік бөлімшесі FlyArystan компаниясының президенті Адриан Хэмилтон-Маннс отбасымен көбірек уақыт өткізу үшін компаниядан кетіп, Оңтүстік Африкаға оралу туралы шешім қабылдағанын хабарлайды.

Ричард Леджер 20 мамыр дүйсенбіден бастап FlyArystan және «Эйр Астана» тағайындаулар комитеті мен директорлар кеңестерінің жарғылық ережелеріне сәйкес және міндетті реттеу рәсімдеріне сәйкес тұрақты тағайынға дейін президент міндетін атқарушысы болып тағайындалады. Хэмилтон-Маннс мырза мамыр айының соңына дейін FlyArystan-да болып, істер мен қызметін Леджер мырзаға тапсыратын болады.

Леджер мырза 2009 жылдан 2017 жылға дейін «Эйр Астанада» жаһандық сату жөніндегі директоры және 2017 жылдан 2022 жылға дейін маркетинг және сату жөніндегі вице-президент қызметін атқарды. Леджер мырзаның басшылығы арқасында компанияның кірісі 2008 жылғы 646,8 млн АҚШ долларынан 2022 жылғы 1,02 миллиард АҚШ долларына дейін 58%-ға өсті. Қазіргі уақытқа дейін Леджер мырза Лондонда орналасып, Ұлыбританиядағы, Еуропадағы және Америкадағы «Эйр Астана» қызметіне жауапты.

Хэмилтон-Маннс мырза FlyArystan компаниясына 2020 жылы келді. Оның басшылығымен компанияның кірісі 2020 жылғы 57,4 млн АҚШ долларынан 2023 жылы 277,8 млн АҚШ долларына дейін 384%-ға өсті, осының арқасында FlyArystan әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан әуекомпаниялар қатарына қосылды.

«Эйр Астана» тобының бас атқарушы директоры Питер Фостер кадрлық өзгерістер туралы былай деді: *«Адрианның компаниядан кету туралы шешімін өкінішпен естідік, бірақ бұл шешім Қазақстан мен жанұясы тұратын Оңтүстік Африка арасындағы қашықтыққа байланысты отбасылық себептермен туындағанын түсінеміз. 2020 жылдан бері FlyArystan стартаптан 19 ұшақ паркі бар, кірісі айтарлықтай жоғары, географиялық қамту жағынан да дамыған әуекомпанияға айналды. Адрианға төрт жылдық басшылық кезіндегі жетістіктері үшін алғыс айтып, оған бар жақсылықты тілейміз.*

Топ басқару құрамымен ерекшеленеді және біз Ричард Леджердің FlyArystan президентінің міндетін атқарушысы ретінде Қазақстанға оралғанына қуаныштымыз. 2009 жылдан 2022 жылға дейін Ричард Топтың өсуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды, оның ішінде Covid-19 жаһандық пандемиясынан кейін Топ қызметін тез қалпына келтіруде және сол кезде «Эйр Астана» мемлекеттен немесе акционерлерден қаржылық қолдауды қажет етпейтін бірнеше әуекомпаниялардың бірі болуында. Ричард FlyArystan-ның тиімді өсуін жалғастыратынына сенімдіміз.»

Қосымша ақпарат үшін www.ir.airastana.com сайтына немесе төмендегідей хабарласыңыз:

«Эйр Астана» тобы

Ирина Мартинез
Инвесторлармен байланыс
жөніндегі жетекшісі
+7 727 258 41 36
investor.relations@airastana.com

«Эйр Астана» тобы

Белла Томышева
Корпоративтік коммуникациялар
жөніндегі вице-президенті
+7 727 258 41 35
media@airastana.com

Instinctif Partners

Joe Quinlan
Vivian Lai
+44 20 7457 2020
airastana@instinctif.com

«Эйр Астана» Тобы туралы

«Эйр Астана» Тобы кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. «Эйр Астана» тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған «Эйр Астана» толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 50 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. «Эйр Астана» Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. «Эйр Астана» Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он бір рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие. FlyArystan сондай-ақ алғаш рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын алды және бүкіл әлем бойынша Skytrax төрт жұлдызды он екі әуекомпаниясының бірі болып табылады. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).